- Для свердління великої кількості отворів однакової глибини застосуйте упор обмеження глибини.
- Опустіть шпиндель з встановленим свердлом на бажану глибину свердління.
- Встановіть настановну гайку упора глибини на кулачок упору.
- Свердло буде зупинятися на цій висоті.

7.4 Встановлення стола для заготовки

- Ніколи не проводьте встановлення на увімкненому верстаті.
- Послабте шестигранний гвинт (К, Рисунок 3), щоб повернути стіл.



Увага!

- Лише трохи послабте шестигранний гвинт, інакше вся поверхня стола може впасти вниз.




Рис. 3

- Знову затягніть шестигранний гвинт.

7.5 Встановлення захисту свердлильного патрона

- Ніколи не проводьте встановлення на увімкненому верстаті.
- Після послаблення гвинта (L, Рисунок 4) прозорий захист (M) патрона можна опустити вниз.




Рис. 4

- Ніколи не працюйте з відкритим прозорим захисним кожухом патрона або відкритим захисним кожухом ременя.
- Захист патрона можна підняти вгору для заміни свердла.

8. Технічне обслуговування

Загальні вказівки

- Перед проведенням робіт з технічного обслуговування, чищення та ремонту вимкніть верстат з електромережі.
- Підключення та ремонт електрообладнання повинні проводитись лише фахівцями-електриками.
- Потім знову встановіть всі захисні

пристрої.

- Захисні кожухи, окремі деталі з пластика та алюмінію, що використовуються в конструкції станка, виконують запобіжні функції. Заміні по гарантії такі деталі не підлягають.
- Пошкоджені захисні пристрої негайно замінійте.

Змащування

Регулярно змащуйте невеликою кількістю мастила:

- Напрямні столу та стійки.
- Привідний вал шпинделя
- Зубчасте зчеплення шпинделя і пінолі.

Чищення

- Регулярно очищуйте верстак.

9. Усунення несправностей

мотор не вмикається

- немає струму
- мотор, вимикач або кабель мають дефект – звернутися до сервісу;

патрон випадає

- бруд або жир на конусі патрона – поверхні прилягання шпинделя і патрона повинні бути вільні від жиру;

верстат вібрує

- неправильний натяг ременя – проконтролюйте натяг ременя;
- шків ременя мотора ослаблений – щільно затягніть різьбовий штифт;
- ускладнений рух пінолі шпинделя – змастіть піноль шпинделя;
- шків шпиндельного ременя послаблений – щільно затягніть гайку шпинделя;
- свердло затупилося – заточіть свердло;

свердло накалиється

- неправильно обрана кількість обертів – знизьте кількість обертів;
- свердло засмітилося стружкою – частіше виймайте свердло з оброблюваного матеріалу;
- подача свердла занадто мала – зробіть більшу подачу;

свердлильний отвір не круглої форми

- свердло заточене асиметрично – правильно заточіть свердло;
- свердлильний отвір зміщений – використовуйте центрувальне свердло;
- свердло погнуте – використовуйте нове свердло;
- свердло неправильно закріплене – правильно закріпіть свердло/

10. Приладдя, що поставляється

Повний асортимент приладдя дивіться на сайті www.jettools.ru або в каталозі.

Құрметті сатып алушы!

Сіздің бізге білдірген сеніміңізге және JET маркасының станогін сатып алғаныңызға үлкен рахмет!

- Осы нұсқаулықты құрастыру барысында Сіздің станокты тез арада игеруіңіз бен онымен қауіпсіз жұмыс істей алу мүмкіндігіңізге көп көңіл бөлінді. Өтінеміз, нұсқаулықты зерттеу мен сақтауға байланысты бірқатар ережелерге назар аударыңыз.
- Станокты іске қоспас бұрын осы нұсқаулықты толық әрі мұқият оқып шығыңыз, әсіресе қауіпсіздік техникасына аса назар аударыңыз. Бұл нұсқаулық осында сипатталған станокқа ұқсас құрылғымен жұмыс істеу бойынша базалық білімі мен дағдысы бар тұлғаларға есептеліп құрастырылған.
- Егер Сіз ешқашан мұндай құрылғымен жұмыс істемеген болсаңыз, осындай тәжірибесі бар тұлғалардан көмек сұраңыз. Осы станокпен бірге берілетін барлық құжаттаманы, кейіннен қарау мүмкіндігі үшін сақтап қойыңыз. Сонымен қатар кепілдемелік шағымдар түсіруге мүмкіндік беретін чекті (сатып алу түбіртегі) де сақтап қойыңыз.
- Станокты қайта сату немесе оны уақытша жалға беру жағдайында онымен бірге жеткен барлық құжаттаманы бірге беріңіз.
- Қолдану нұсқаулығында келтірілген ережелердің сақталмауынан болған кез келген зақым үшін өнім шығарушы жауап бермейді.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
 2. Жеткізілім жиынтығы
 3. Техникалық сипаттамалар
 4. Техникалық қауіпсіздік бойынша жалпы ережелер
 5. Станоктың сипаттамасы
 6. Тасымалдау және қолданысқа қосу
 7. Станоктың жұмысы
 8. Техникалық қызмет көрсету
 9. Ақауларды түзету
 10. Жеткізілетін қосымша заттар
- Нақтылау
Бөлшектердің тізімі

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз



1. Жалпы ережелер

- Станок металл өнімдері мен соған ұқсас материалдарда, сондай-ақ қатты полимерлі материалдар мен ағаштарда тесіктерді бұрғылауға арналған. Басқа материалдарды өңдеуге болмайды, немесе тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Қолдану нұсқаулығында жазылған қауіпсіздік техникасы бойынша ережелермен қатар Сіздің еліңіздің ерекше ұйғарымдарымен бірге бұрғылау станоктарында жұмыс жасау бойынша жалпы қабылданған техникалық ережелерді де назарға алу қажет.
- Қолдану барысында осы ережелерден әрбір ауытқушылық дұрыс қолданбау ретінде қарастырылады және осының нәтижесінде болған зақымдануларға сатушы жауап бермейді. Станокта ешқандай да техникалық өзгертулер жасауға болмайды. Жауапкершілік тек қолданушының мойнына жүктеледі.
- Станок тек техникалық жөнделген қалпында қолданылсын.
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі. Станоктан қорғау автоматы мен электр қуаттандырушы көзіне дейінгі жалғастырушы кабель (немесе ұзартқыш) 3x1,5мм² тан кем болмауы керек (неғұрлым мыстан жасалған, үш талшықты, әр талшықтың қимасы 1,5мм² кем емес болғаны абзал).
- Бұл станок «хобби» классының станогы болып табылады, және жеке (тұрмыстық) қолдануға арналған, яғни өзінің құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамалары бойынша станок өндірістік қолданысқа жарамайды.
- Егер Сіз станокты неғұрлым өндірістік жағдайларда қолдануды жоспарлап жатсаңыз, құрылғының мүмкіндіктері жайында сатушы немесе қызмет көрсету орталығының өкілінен кеңес алуды ұсынамыз.
- Егер сіз қорапты ашқан сәтте тасы-

малдау барысында пайда болған қандай да бір ақауларды байқасаңыз, бұл жайында жедел сатушыға мәлімдеңіз.

- Станокты іске қоспаңыз!

2. Жеткізіп тұрушылық жиынтығы

1. Бұрғылау бастарының жиынтығы
2. Дайындама қалып жасауға арналған үстел
3. Сүйеніш
4. Сүйеніш цоколи
5. 13 мм кілтпен патрон
6. Бұрғылау патронын беріп тұратын тұтқа сап 3 дана.
7. Қысқыштар 60x60 мм
8. Қызмет көрсетуге арналған құрылғы
9. Монтажға арналған заттар
10. Қолдану нұсқаулығы
11. Қажетті заттар тізімі

3. Техникалық сипаттамалар

| | |
|---|-----------------------|
| Қуаттану кернеуі | 220В~1 / N / PE 50 Гц |
| Қолданатын күш қуаты | 350 Вт |
| Жұмыс тоғы | 1,5 А |
| Жалғастырушы сым (H07 RN-F) | 3x1,5мм ² |
| Сақтандырығыш | 10 А |
| Сүйеніштен бұрғылау орталығына дейінгі ара қашықтық | 104 мм |
| Шпиндель жолы | 50 мм |
| Шпиндель қондырылуы | B 16 |
| Тісті тәжді патрон | 13 мм |
| Үстелдердің өлшемдері | 160 x160мм |
| Үстелді бұру диапазоны | +/-45 |
| Шпиндельден үстелге дейінгі ең үлкен ара қашықтық | 200 мм |
| Шпиндельден сүйенішке дейінгі ара қашықтық | 280 мм |
| Айналу жиілігі 12 жылдамдықтар | 580- 2650 айн./мин |
| Габаритті өлшемдер (ДxШxВ) | 430x225x580 (мм) |
| Салмағы | 19 кг |



Ескерту

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Шығарушы станоктар құрылымына өзгерістер енгізу құқығына ие, бұл құрылғының техникалық сипаттамасының, оның стандартты жиынтығының, қосымша бөлшектері мен сыртқы түрінің өзгеруіне әкеледі.
- Сатып алушы құрылғыны баптау, реттеу, дайындау, техникалық қызметтерін өзі жүзеге асырады.

4. Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы ережелер

- Қауіпсіздік техникасына өндіруші берген қолдану нұсқаулығы мен техникалық қызмет көрсету бойынша ережелерді сақтау жатады.
- Нұсқаулықты әрдайым ылғал мен кірленуден сақтаңыз, басқа қолданушыларға беріп отырыңыз.
- Күн сайын станокты іске қоспас бұрын барлық қорғау құрылғыларының қызметін тексеріңіз.
- Станоктың немесе қорғау құрылғыларының айқын болған ақаулары осы саланың

мамандарының көмегімен шеттетіңіз.

- Мұндай жағдайларда станокты қоспаңыз, оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Станок тегіс бетте орналасуын қадағалаңыз.
- Жарықтың жақсы түсуін қамтамасыз етіңіз.
- Жеке қорғау құралдарының нұсқаулықтарына сәйкес қажеттіліктердің бәрін қолданыңыз.
- Дене тығыз болатын киім киіңіз, әшекейлерді, жүзіктер мен қолсағаттарды шешіп қойыңыз.
- Егер Сіздің шашыңыз ұзын болса, шашқа арналған тор немесе бас киім киіңіз.
- Жұмыс үшін қолғап киюдің қажеті жоқ.
- Станокты оған қызмет көрсету мен дайындамаларды қоюға жеткілікті орын қалатындай етіп орнатыңыз.
- Станокқа басқа адамдарды, әсіресе балаларды жібермеңіз.
- Жұмыстың алдында бұрғылау басының және бұрғылау үстелінің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Жұмыстың алдында машинадан кілт патронын және басқа да құрал жабдықтарды ағытыңыз.
- Жұмыстың алдында дайындамадан шегелер мен басқа да заттарды алып тастаңыз.
- Сым қылшақтарын, фрездер, дөңгелек аралы құралдар мен шлифовальді дисктерді қолданбаңыз.
- Станокты сөндіру тетігімен қандай да бір қиындықтар болса, оны ешқашан қолданбаңыз.
- Патронның немесе белбеудің ашық қорғаушы құрылғысымен жұмыс істеменіз.
- Станок жұмыс істеп тұрған кезде бұрғылау бастарын немесе бұрғылау үстелінің орын ауыстыруын жүзеге асырмаңыз.
- Қолдарыңызды станоктың қозғалып тұрған бөліктерінен аулақ ұстаңыз, Сіздің қолыңыз немесе дайындама сырғып кету қаупінде екенін есте ұстаңыз.
- Үстелге таяныш етпей, полировкалау жұмыстарынан басқа, қолыңызда ешқашанда дайындама ұстамаңыз.
- Дайындама үстелдің үстінде берік бекітілген жағдайда ғана бұрғылауды бастаңыз.
- Дайындаманы қозғалғыш бөліктерінің қысып қалуынан сақталатындай етіп бекітіңіз. Дайындаманы белгілеу үшін қысқыштар, тетік қысқыштар мен басқа да құрылғыларды қолданыңыз. Дайындаманы ешқашанда жай қолдармен ұстамаңыз.
- Дайындаманың айналып кетуден

сақтағыш құрал ретінде мүмкіндігінше сүйенішті пайдаланыңыз.

- Егер де дайындаманың ауырлық ортасы үстелден тыс орналасса, онда оның үстелдің үстінде тұрған бөлігін бекітіңіз, немесе оны аунақша түпқойма көмегімен белгілеп алыңыз.
- Егер дайындама тым қысқа болса, немесе үстел қиғаштың астында орналасса, дайындаманы үстел үстінде бекітіңіз. Бұл үшін үстелдің қалыптарын немесе үстіндегі қысқыштарды қолданыңыз.
- Қысқыштарды үстелге әрқашанда тығыз бұрап бекітіңіз.
- Әрдайым жақсы ұшталған заттармен жұмыс істеңіз.
- Станоктың қозғалыстағы бөліктерін ешқашан ұстап алмаңыз.
- Дайындамалардың бөліктері мен жоңқаларды тек станокты сөндіріп барып алып тастаңыз.
- Жұмыс орнын басқа керек емес заттардан таза ұстаңыз.
- Қосылған станокты қараусыз қалдырмаңыз. Жұмыс орнын қалдырмас бұрын оны әрдайым сөндіріп жүріңіз.
- Станокты жанармай мен газдарға жақын жерде қолданбаңыз. Өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын қадағалаңыз, мысалы, жұмыс орнында өрт сөндіргіштің болуын.
- Станокты ылғалды тұрғынжайларда қолданбаңыз, оны жаңбырдың астында қалдырмаңыз.
- Станокты электрлеу жұмыстары тек электрикамен атқарылуы керек.
- Электр сымы жұмысқа кедергі келтірмеуін және оған шалынып қалмауды қадағалаңыз.
- Ұзартқыш кабельді әрдайым барабаннан ажыратып алыңыз.
- Зақымдалған желілік кабельді шұғыл ауыстырыңыз.
- Орнату, монтаждау, тазарту жұмыстарының барлығы да станокты электр желісінен ажыратқаннан кейін жүзеге асуы керек.

4.1 Қауіп қатер ескертуі


- Станокты дұрыс пайдаланған күннің өзінде төменде келтірілген қауіптер орын алуы мүмкін.
- Айналып тұрған бұрғымен зақымдалу.
- Дайындаманың ұшып түскен бөліктерімен жарақаттану.
- Шу мен шаңның қаупі. Міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын киіңіз (көз, құлақтар және тыныс жолдарының қорғанысы).
- Кабелді дұрыс төсеген жағдайда тоқпен соғу қаупі.

4.2 Дыбыстық эмиссия

Шу шектеуі (EN 11202бойынша)
Бос кадам 69, 6 дБ (A)

- Көрсетілген өлшемдер эмиссия шектері болып табылады, дегенмен бұл қауіпсіз жұмыстың шектеулері емес.
- Олар тұтынушының өзінің қауіп қатерді бағалауға мүмкіндік беруі керек

5. Станок сипаттамасы



Сур. 1

- A - белбеудің қорғау қаппағы
- B - мотордың алаңын бекіту
- C - бұрғылау патронының жеткізіп беру сабы
- D - үстел биіктігін реттеу тұтқасы
- E - сүйеніш
- F - станок цоколі
- G - қозғалтқыш сөндіргіші
- H - бұрғылау патроны
- I - бұрғылау патронын қорғау
- J- дайындама жасауға арналған үстел

6. Тасымалдау және қолданысқа қосу

6.1 Тасымалдау және орнату

- Станок жабық тұрғынжайларда қолдануға арналған және ол қатты әрі тегіс бетте тығыз орнатылуы керек. Қажет болған жағдайда станокты бұрап қоюға болады.
- Қаптауға қолайлы болу үшін станок жартылай жиналған.

6.2 Монтаждау

Жалпы ережелер

- Монтаждау жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын станокты электр желісінен ажыратыңыз. Қорғаныш майының тоттарын жұмсақ еріткіштердің көмегімен кетіріңіз.
- Станокты жалпақ бетке орналастырыңыз.

Сүйенішті монтаждау

- Сүйенішті (В, Сур. 1) станок цоколіне (F) орнатыңыз.
- Үш алты қырлы бұрандаларды (D) дұрыстап тартыңыз.

Дайындамаға арналған үстел монтаждау

- Дайындамаға арналған үстелді (J) сүйенішке монтаждап оны қатты бекітіңіз.

Бұрғылау басының монтаждауы


- Бұрғылау басын сүйенішке орнатыңыз.
- Бұрғылау басын станок цоколіне параллель орнатыңыз.
- Жанындағы кескіш штифтерді тығыз тартыңыз.

Бұрғылау патронын берудің тұтқа саптарын монтаждау.

- Жеткізіп беру тұтқа саптарының (С) үшеуін тығызға бекітіңіз.

Бұрғылау патронының қорғанышын монтаждау

- Патронды монтаждамас бұрын патрон қорғанысын (I, Сур. 2) бұрғылау пиноліне (K) орнатыңыз.
- Қысқыш бұрандасын (L) тығыздап тартыңыз.



Сур. 2

Патронды монтаждау

- Шпиндель басының астына 120 мм арақашықтықта бұрғылау үстелін орналастырыңыз.
- Керек емес ағаштың бөлігін дайындама үстелінің үстіне қойыңыз.
- Шүберекпен шпиндель конусы мен патрон конусын тазалаңыз.



МАҢЫЗДЫ!

- Бұл беттер майлардан тазарған болуы керек, әйтпесе патрон тағы да құлап қалуы мүмкін.
- Патронды (H, Сур. 1) шпиндель конусына кигізіңіз.
- Бұрғылау патронын бұрғының ең үлкен өлшеміне дейін ашыңыз.
- Патронды дайындамаға дейін төмен

түсіріңіз. Бұрғының жақсы жеткізілуі патронды шпиндельге сенімді түрде бекітеді.

6.3 Желіге қосу

- Желіге қосу және қолданылатын ұзартқыштар нормаларға сай болуы керек.
- Желі кернеуі мен жиілігі станоктың типтік кестесіндегі мәліметтерге сәйкес келуі керек.
- Желінің сақтандырғышы 10 А ны құрауы керек.
- Қосу мен жөндеуді тек қана elektrik мамандар жүзеге асырулары керек.

6.4 Қолданысқа енгізу

- Станок бас сөндіргіште орналасқан жасыл тетікті басу арқылы қосылады және қызыл тетікті басу арқылы сөнеді.
- Үстел биіктігі мен тереңдікті шектеу тірегі Сіз дайындама үстеліне бұрғылап тастамайтындай етіп орнатыңыз.
- Ағаштың керек емес бөлігі тірек ретінде тек бұрғыны ғана емес, дайындамаға арналған үстелді де қорғайды.
- Дайындаманы бұрғымен іліп алу-дан бекітіп тастаңыз. Дайындаманы үстелге бекітіп, тетік қысқышты орнатыңыз.
- Тетік қысқышты әрқашан үстелге бұраңыз.
- Қолдарыңызды станоктың қозғалып тұрған бөліктерінен аулақ ұстаңыз, Сіздің қолыңыз немесе дайындама сырғып кету қаупінде екенін есте ұстаңыз.
- Жіберу күшін бұрғы тез қозғалатындай етіп алыңыз.
- Шпиндельдің өте баяу қозғалысы бұрғының уақытынан бұрын тозуына және дайындаманы күйдіруге әкеледі, өте тез айналу мотордың тістесіп қалуына немесе бұрғының сынып кетуіне әкеп соғады.
- Дайындама бөліктері мен ағаш жоңқаларын тек станок сөнгеннен кейін алып тастаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Әрқашан қауіпсіздік техникасы мен нұсқаулық ережелерін сақтаңыз.

- Сым қылшақтарын, фрездер, дөңгелек аралы құралдар мен шлифовальді дисктерді қолданбаңыз.
- Патронның немесе белбеудің ашық қорғаушы құрылғысымен жұмыс істеменіз.

- Магнийді ешқашан өңдеуге қолданбаңыз, жану қаупі жоғары!

Тез кесетін болаттан жасалған бұрғысы үшін ұсынылған айналым жиілігі 10 мм

| | |
|----------------------|----------------|
| Ағаш: | 2000 айн./мин. |
| Пластмасса: | 1500 айн./мин. |
| Алюминий: | 1500 айн./мин. |
| Мыс: | 1500 айн./мин. |
| Шойын: | 1000 айн./мин. |
| Болат (C15): | 800 айн./мин. |
| Болат (C45): | 800 айн./мин. |
| Тот баспайтын болат: | 300 айн./мин. |



Жалпы ереже

- Бұрғы диаметрі қаншалықты кіші болса, айналым саны соғұрлым жоғары.
- Металл кіші айналымдармен бұрғыланады, қажет болған жағдайда бұрғылауға арналған май қолданылады.

7. Станок жұмысы

7.1 Айналым мөлшерін өзгерту

- Желілік штекерді розеткадан ажыратып тастаңыз.
- Сақтандырғыш бұрандасын бұрап босатып, белбеу терісінің қорғаныс қақпағын ашыңыз.
- Тегергіш үстіндегі белбеу орналасуы мен айналым мөлшері кестесі белбеу қабының қорғаныс қақпағының ішкі жағында орналасқан. Айналым мөлшерін өзгерткен сайын осыған қарап отырыңыз.

Айналым мөлшерін өзгертуді жүзеге асырыңыз

- Мотор алаңының бекітілуін ағытып бұрап алыңыз. (В, 1 сурет)
- Белбеуді босатыңыз.
- Қажетті айналым мөлшеріне сәйкес белбеуді қайта орналастырыңыз.
- Белбеуді тартып, мотор бекітілуін белгілеңіз.
- Егер үлкен саусақпен басқан кезде белбеудің ортасы шамамен 15 см ге майысса, белбеу қажетті мөлшерде созылған деген сөз.
- Белбеу қабының қақпағын жабыңыз және бұрандамен бекітіңіз.
- Патрон қабының ашық мөлдір қорғанысымен немесе ашық қорғаныс белбеу қабымен еш уақытта жұмыс істеменіз.

7.2 Бұрғылау патронын ауыстыру

- Желілік штекерді розеткадан ажыратыңыз!
- Шпиндель мен патронның арасы-

на екі сынаны (мысалы, екі үлкен бұрауышты) бір-біріне қарама-қарсы орнатыңыз.

- Патрон құлағанша екі жақтан иінтіректерді бір уақытта басып тұрыңыз.

7.3 Бұрғылау тереңдігі шектеуінің тірегін орнату

- Бірдей тереңдіктегі тесіктерді көп мөлшерде бұрғылау үшін тереңдікті шектеу тірегін қолданыңыз.
- Бекітілген бұрғысы бар шпиндельді қажетті бұрғылау тереңдігіне жіберіңіз.
- Орнатқыш дөңгелегін тірекке дейін бұрап, бекіту бұрандасымен бекітіп қойыңыз.
- Бұрғы осы биіктікте тоқтайтын болады.


7.4 Дайындамаға арналған үстелді орнату

- Станок жұмыс істеп тұрған кезде ешқашан орнату жұмыстарын жүргізбеңіз.
- Үстелді бұру үшін алты қырлы бұранданы әлсіздендіріңіз. (К, сур. 3).



Назар аударыңыз!

- Алты қырлы бұранданы тек жайлап қана әлсіздендіріңіз, әйтпесе үстелдің барлық беті астына түсіп кетуі мүмкін.




Сур. 3

- Алты қырлы бұранданы қайтадан тартыңыз.

7.5 Бұрғылау патронының қорғанысын орнату

- Қосылған станокта орнату жұмыстарын жүргізбеңіз.
- Бұранданы әлсіздендірген соң (L, Сур. 4), патронның мөлдір қорғанысын (M) астына түсіруге болады.



Сур. 4

- Патронның ашық мөлдір қорғаныс қабымен және белбеудің ашық қорғаныс қабымен жұмыс істемеңіз.
- Патрон қорғанысын бұрғыны айырба-стау үшін жоғары көтеруге болады.

8. Техникалық қызмет көрсету

Жалпы ережелер

- Техникалық қызмет көрсету тазарту мен жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын станокты электр желісінен ажырату керек.
- Электр құрылғысын қосу және жөндеу жұмыстарын тек қана электр мамандары жүзеге асыруы керек.
- Одан соң барлық қорғаныс құрылғыларын қайта орнатыңыз.
- Станок құрылымында қолданылатын сыртқы қорғаныс қабы, пластик пен алюминийден жасалған жекелеген бөліктері қорғаныс қызметін атқарады.
- Мұндай бөліктер кепілдеме бойынша ауыстырылмайды
- Зақымдалған қорғаныс құрылғыларын жедел ауыстыру керек.

Майлау

Кішкене май мөлшерімен үнемі майлап отыру керек.

- Бағыттаушы үстел мен сүйеніштер.
- Шпиндельдің қозғалтқыш білігі.
- Шпиндельдің мен пинольдің тісті тіркемесі.

Тазарту

- Станокты үнемі тазартыңыз.

9. Ақауларды жою

Мотор қосылмайды

- Тоқ жоқ, яғни желі қорғанышын тексеріңіз.
- Мотор, сөндіргіш немесе кабельде ақау болса, сервиске жүгіну керек.

Патрон түсіп қала береді

- Патрон конусындағы кір немесе май, патрон мен шпиндель жатқан бет майдан тазартылған болуы керек.

Станок вибрацияланады

- Белбеуді дұрыс тартпаса, онда белбеудің тартқышын қадағалаңыз.
- Мотор белбеуінің шкиві әлсізденген, кескіш штифті тығыз тартыңыз.
- Шпиндель пинольінің қозғалысы қиындаса, шпиндель пинольін майлаңыз.
- Шпиндель белбеуінің шкиві әлсіз, онда шпиндель сомынын тығыз тартыңыз.
- Бұрғы өтпей қалса оны өткірлеңіз.

Бұрғы қызып кетеді.

- Айналымдар мөлшері дұрыс таңдалмаған болса, айналымдар мөлшерін төмендету керек.
- Бұрғы жаңқаларға толып қалса, онда бұрғыны кері қарай жиі айналдырыңыз.
- Бұрғылау өте баяу болса, оны жылдамдатыңыз.

Бұрғылау тесігі дөңгелек емес


- Бұрғы симметриялы емес күйде тегістелген болса, бұрғыны дұрыс қайраңыз.
- Бұрғылау тесігі біріктірілген болса, ортасын тесетін бұрғыны қолданыңыз.
- Бұрғы қайырылып қалса, жаңасын қолданыңыз.
- Бұрғы дұрыс бекітілмесе, дұрыстап бекітіңіз.


10. Жеткізілетін заттар

- Қажетті заттардың толық тізімін www.jettools.ru сайтынан немесе каталогынан қараңыз.

Детализировка сверлильного станка JDP-8L

Деталювання сверлильного верстата JDP-8L / JDP-8L бурғылау станогының белшектері





Список деталей JDP-8L

Деталізація JDP-8L / JDP-8L Бөлшектер тізімі

| № | Артикул | Обозначение | Позначення Белгі | Атауы | Размер/ Розмір/ Көлемі | Кол-во/ Кількість/ Саны |
|----|------------|-----------------------------|------------------------------|----------------------------------|------------------------------|-------------------------------|
| 1 | JDP8L-001 | Плоская шайба | Пласка шайба | Жалпақ тығырық | 6 | 7 |
| 2 | JDP8L-002 | Винт | Гвинт | Бұранда | M6×12 | 6 |
| 3 | JDP8L-003 | Кожух шкива | Кожух шківа | Шкив қабы | | 1 |
| 4 | JDP8L-004 | Зажим для крепления провода | Затискач для кріплення дроту | Сымды бекітуге арналған қысқыш | | 2 |
| 5 | JDP8L-005 | Гайка | Гайка | Сомын | M6 | 3 |
| 6 | JDP8L-006 | Кольцо | Кільце | Дөңгелек | | 2 |
| 7 | JDP8L-007 | Ремень | Ремінь | Белбеу | | 1 |
| 8 | JDP8L-008 | Шкив | Шків | Шкив | | 1 |
| 9 | JDP8L-009 | Винт | Гвинт | Бұранда | M6×10 | 2 |
| 10 | JDP8L-010 | Стопорное кольцо | Стопорне кільце | Бекіткіш дөңгелек | 22 | 1 |
| 11 | JDP8L-011 | Кожух квадратной оси | Кожух квадратної осі | Шаршы ось қабы | | 1 |
| 12 | JDP8L-012 | Стопорное кольцо | Стопорне кільце | Бекіткіш дөңгелек | 40 | 2 |
| 13 | JDP8L-013 | Подшипник | Підшипник | Жапсырма | 6203 | 2 |
| 14 | JDP8L-014 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранный ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M10×35 | 2 |
| 15 | JDP8L-015 | Плоская шайба | Пласка шайба | Жалпақ тығырық | 10 | 4 |
| 16 | JDP8L-016 | Зажим | Затискач | Қысқыш | 2.5" | 1 |
| 17 | JDP8L-017 | Гайка | Гайка | Сомын | M10 | 2 |
| 18 | JDP8L-018 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранный ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M12×25 | 1 |
| 19 | JDP8L-019 | Пружинная шайба | Пружинна шайба | Серіппелік тығырық | 12 | 1 |
| 20 | JDP8L-020 | Рабочий стол | Робочий стіл | Жұмыс үстелі | | 1 |
| 21 | JDP8L-021 | Ручка | Ручка | Тұтқа | | 1 |
| 22 | JDP8L-022 | Шкала регулировки угла | Шкала регулювання кута | Бұрышты реттегіш шкала | | 1 |
| 23 | JDP8L-023 | Винт | Гвинт | Бұранда | M4×6 | 6 |
| 24 | JDP8L-024 | Клемма заземления | Клема заземлення | Жерлендіру клеммасы | 4 | 3 |
| 25 | JDP8L-025 | Зубчатая шайба | Зубчаста шайба | Тісті тығырық | 4 | 3 |
| 26 | JDP8L-026 | Обозначение заземления | Визначення заземлення | Жерлендіру белгіленуі | | 2 |
| 27 | JDP8L-027 | Пружинная шайба | Пружинна шайба | Серіппелі тығырық | 4 | 3 |
| 28 | JDP8L-028 | Самонарезающий винт | Самонарізаючий гвинт | Өзі кесетін бұранда | ST2.9×10 | 3 |
| 29 | JDP8L-029 | Магнитный выключатель | Магнітний вимикач | Магнитті сөндіргіш | KJD12 | 1 |
| 30 | JDP8L-030 | Винт | Гвинт | Бұранда | M4×12 | 4 |
| 31 | JDP8L-031 | Плоская шайба | Пласка шайба | Жалпақ тығырық | 4 | 13 |
| 32 | JDP8L-032 | Корпус выключателя | Корпус вимикача | Сөндіргіш корпусы | | 1 |
| 33 | JDP8L-033 | Шкала глубины сверления | Шкала глибини свердління | Бұрғылау тереңдігінің шкаласы | | 1 |
| 34 | JDP8L-034 | Прозрачный кожух | Прозорий кожух | Мөлдір қап | | 1 |
| 35 | JDP8L-035 | Регулировочный болт | Регулювальний болт | Реттегіш бұрандама | | 1 |
| 36 | JDP8L-036 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранный ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M10 | 2 |
| 37 | JDP8L-037 | Индикатор | Індикатор | Індикатор | | 1 |
| 38 | JDP8L-038 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранный ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M10 | 2 |
| 39 | JDP8L-039 | Кожух пружины | Кожух пружини | Серіппе қабы | | 1 |
| 40 | JDP8L-040 | Пружина | Пружина | Серіппе | | 1 |
| 41 | JDP8L-041 | Корпус | Корпус | Корпус | | 1 |
| 42 | JDP8L-042 | Резиновая шайба | Гумова шайба | Резеңкелік тығырық | | 4 |
| 43 | JDP8L-043 | Силовой кабель | Силовий кабель | Күш беретін кабель | | 1 |
| 44 | JDP8L-044 | Плоская шайба | Пласка шайба | Жалпақ тығырық | 8 | 13 |
| 45 | JDP8L-045 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранный ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M8×18 | 6 |
| 46 | JDP8L-046 | Шкив | Шків | Шкив | | 1 |
| 47 | JDP8L-047 | Гайка | Гайка | Сомын | M8 | 5 |
| 48 | JDP8L-048E | Двигатель | Двигун | Қозғалтқыш | 230/50/1 complete | 1 |
| 49 | JDP8L-049 | Кожух вентилятора двигателя | Кожух вентилятора двигуна | Желдеткіш қозғалтқышының қабы | | 1 |
| 50 | JDP8L-050 | Вентилятор двигателя | Вентилятор двигуна | Қозғалтқыш желдеткіші | | 1 |
| 51 | JDP8L-051 | Кожух сзади | Кожух ззаду | Артқы қап | | 1 |
| 52 | JDP8L-052 | Гровер | Гравер | Гровер | | 1 |
| 53 | JDP8L-053 | Подшипник | Підшипник | Жапсырма | 6201 | 3 |
| 54 | JDP8L-054 | Ротор | Ротор | Ротор | | 1 |

| | | | | | | |
|----|------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------------|----------|---|
| 55 | JDP8L-055 | Подшипник | Підшипник | Қысқыш | 6202 | 1 |
| 56 | JDP8L-056 | Зажим | Затискач | Қозғалтқыш кабелі | | 1 |
| 57 | JDP8L-057 | Кабель двигателя | Кабель двигуна | Клеммдік қорап | | 1 |
| 58 | JDP8L-058 | Клеммная коробка | Клемна коробка | Өзі кесетін бұранда | | 1 |
| 59 | JDP8L-059 | Самонарезающий винт | Самонарізаючий гвинт | Алты қырлы кілт астына бұрандама | ST2.9×16 | 2 |
| 60 | JDP8L-060E | Конденсатор | Конденсатор | Конденсатор | 50Hz | 1 |
| 61 | JDP8L-061 | Кожух коробки соединений | Кожух коробки з'єднань | Жалғастыру қорабының қабы | | 1 |
| 62 | JDP8L-062 | Самонарезающий винт | Самонарізаючий гвинт | Өзі кесетін бұранда | ST4.2×12 | 4 |
| 63 | JDP8L-063 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранний ключ | Алты қырлы кілт астына бұрандама | M5×130 | 3 |
| 64 | JDP8L-064 | Пружинная шайба | Пружинна шайба | Серіппелік тығырық | 5 | 3 |
| 65 | JDP8L-065 | Плоская шайба | Пласка шайба | Жалпақ тығырық | 5 | 3 |
| 66 | JDP8L-066 | Передний кожух | Передній кожух | Алдыңғы қап | | 1 |
| 67 | JDP8L-067 | Статор | Статор | Статор | | 1 |
| 68 | JDP8L-068 | Винт | Гвинт | Бұранда | M4×8 | 3 |
| 69 | JDP8L-069 | Кожух коробки соединений | Кожух коробки з'єднань | Жалғастыру қорабының қабы | | 1 |
| 70 | JDP8L-070 | Корпус двигателя | Корпус двигуна | Қозғалтқыш корпусы | | 1 |
| 71 | JDP8L-071 | Суппорт двигателя | Суппорт двигуна | Қозғалтқыш суппорты | | 1 |
| 72 | JDP8L-072 | Прокладка | Прокладка | Төсеме | | 1 |
| 73 | JDP8L-073 | Подпора | Підпора | Тірек | | 1 |
| 74 | JDP8L-074 | Пружина сжатия | Пружина стискання | Қысу серіппесі | | 1 |
| 75 | JDP8L-075 | Ручка | Ручка | Тұтқа | | 1 |
| 76 | JDP8L-076 | Винт | Гвинт | Бұранда | M8×10 | 2 |
| 77 | JDP8L-077 | Колпачок рукоятки | Ковпачок рукоятки | Тұтқа сап қалпағы | | 3 |
| 78 | JDP8L-078 | Рукоятка | Рукоятка | Тұтқа сап | | 3 |
| 79 | JDP8L-079 | Вал-шестерня | Вал-шестерня | Тістегершік білігі | | 1 |
| 80 | JDP8L-080 | Винт | Гвинт | Бұранда | M8×10 | 1 |
| 81 | JDP8L-081 | Опора | Опора | Сүйеуіш | | 1 |
| 82 | JDP8L-082 | Колонна | Колонна | Калонна | | 1 |
| 83 | JDP8L-083 | Опора колонны | Опора колони | Калонна сүйеуіші | | 1 |
| 84 | JDP8L-084 | Болт под шестигранный ключ | Болт під шестигранний ключ | Алты гранды кілт астына болт | M8×20 | 3 |
| 85 | JDP8L-085 | Пружинная шайба | Пружинна шайба | Негіздеме | 8 | 3 |
| 86 | JDP8L-086 | Основание | Основа | Бекіткіш дөңгелек | | 1 |
| 87 | JDP8L-087 | Стопорное кольцо | Стопорне кільце | Резеңкелік тығырық | 12 | 1 |
| 88 | JDP8L-088 | Резиновая шайба | Гумова шайба | Шпиндель тығыны | | 1 |
| 89 | JDP8L-089 | Втулка шпинделя | Втулка шпинделя | Шпиндель | | 1 |
| 90 | JDP8L-090 | Шпиндель | Шпиндель | Қысқыш патрон | | 1 |
| 91 | JDP8L-091 | Зажимной патрон | Затискний патрон | Тік қойылған кілт | | 1 |
| 92 | JDP8L-092 | Торцовый ключ | Торцевий ключ | Кілт | | 1 |
| 93 | JDP8L-093 | Ключ | Ключ | Кілт | 3 | 1 |
| 94 | JDP8L-094 | Ключ | Ключ | Кілт | 4 | 1 |



JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland
www.jettools.com